

Респубикалық референдум туралы

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 қарашадағы N 2592 Конституциялық заңы.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді – ҚР 1999.05.06 № 376 Конституциялық Заңымен.

Осы Конституциялық заң Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес респубикалық референдумды тағайындау, әзірлеу және өткізу тәртібін белгілейді.

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді – ҚР 1999.05.06 № 376 Конституциялық Заңымен.

I тарау

Жалпы ережелер

1-бап. Респубикалық референдум үгімі

1. Респубикалық референдум - Қазақстан Республикасы Конституциясының, конституциялық заңдарының, заңдарының және мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелеріне арналған шешімдердің жобалары бойынша бүкілхалықтық дауыс беру.

2. Референдум Республиканың бүкіл аумағында өткізіледі.

2-бап. Респубикалық референдум талқысына қойылатын мәселелер

Референдумның талқысына:

1) Республика Конституциясын, конституциялық заңдарын, заңдарын қабылдау, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

2) Республиканың мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелерін шешу қойылуы мүмкін.

3-бап. Респубикалық референдумның талқысы бола алмайтын мәселелер

Мыналар:

1) адамның және азаматтың конституциялық құқығы мен бостандығының бұзылуына әкеліп соғатын;

2) мемлекеттің тәуелсіздігін, Республиканың біртұастығы мен аумақтық тұластығын, оны басқару нысанын, Республика қызметінің түбебейлі қағидаттарын, Республика Президенті жеті жыл мерзімге сайланады және бір адам бір ретten артық Республика Президенті болып сайланады деген ережені өзгерту;

3) Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылышы мен шекараларының;

4) сот әділдігі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіпті қорғау;

5) бюджет пен салық саясаты;

- 6) рақымшылық пен кешірім жасау;
- 7) Республика Президентінің, Парламент Палаталары мен Үкіметінің қарауына жататын адамдарды лауазымға тағайындау және сайлау, лауазымынан босату;
- 8) Республиканың халықаралық шарттарынан туындастырылған міндеттемелерін орындау мәселелері референдум талқысына қойылатын мәселелер бола алмайды.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 05.05.2022 № 119-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 156-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

4-бап. Республикалық референдум өткізуудың принциптері

- Референдум өткізу:
- 1) азаматтардың референдумға өз ықтиярымен қатысуы және еркін ашық білдіруі;
 - 2) азаматтардың референдумға жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей, тең және төте қатысу құқығы;
 - 3) жариялыштық принциптеріне негізделеді.

5-бап. Республикалық референдумға қатысу құқығы

1. Референдумға қатысу құқығы тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нағымына, тұрғылықты жеріне немесе кез-келген өзге жағдаяттарға қарамастан Республиканың он сегіз жасқа жеткен азаматтарына беріледі. Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың референдумға қатысуға құқығы жоқ. Республиканың өзге азаматтарының референдумға қатысу құқығын қандай да болмасын тікелей не жанама шектеуге жол берілмейді және бұл заң бойынша жазаланады.

2. Азаматтар референдумға тең негіздерде қатысады және олардың әрқайсысы тиісінше бір дауысқа не тең дауыс санына ие болады.

3. Азаматтар референдумға тікелей қатысады.

6-бап. Республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу кезіндегі жариялыштық

1. Референдумды ұйымдастыру мен өткізу ашық әрі жариялыштық жүзеге асырылады.
2. Референдумды өткізу туралы шешім мен оған қойылатын мәселе (мәселелер) азаматтардың назарына бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жеткізіледі.
3. Референдум комиссиялары референдум өткізуді ұйымдастыру жөніндегі өзінің жұмысы туралы, дауыс беретін участекелер құру, комиссиялардың құрамы, орналасқан жері және жұмыс уақыты туралы, референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімі туралы азаматтарды хабарландырады.
4. Референдум өткізу кезінде Республика қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары қатыса алады, олардың өкілдегі Орталық сайлау комиссиясы белгілеген тәртіппен күәландырылады. Өкілдер

мен байқаушылардың референдум комиссияларының жұмысына араласуына жол берілмейді.

5. Бұқаралық ақпарат құралдары референдумға әзірлік пен оны өткізу барысын жария етіп отырады, олардың референдум комиссиялары жанында тіркелген өкілдерінің республикалық референдум өткізуге байланысты шараларға баруына кепілдік беріледі.

7-бап. Республикалық референдум қарсаңындағы үгіт

1. Республика азаматтарының, қоғамдық бірлестіктерінің референдумға қойылған мәселе (мәселелер) бойынша жиналыштарда, митинглерде, азаматтар жиында, бұқаралық ақпарат құралдарында өз пікірін білдіру құқығына кепілдік беріледі.

2. Барлық баспа үгіт материалдарында осы материалдарды шығарған ұйымдар, оларды басып шығарған орын мен таралым, оларды шығаруға жауапты адамдар туралы мәліметтер болуға тиіс. Бұқпантай үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады.

3. Республиканың конституциялық құрылышын күштеп өзгертуге, тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, соғысқа, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылыққа, сондай-ақ қатыгездік пен зомбылыққа табынуга үтітеуге жол берілмейді.

4. Референдумның қарсаңындағы күн мен референдум өткізілетін күні үгіт жүргізуге тыйым салынады. Дауыс беретін жайлардан басқа жерлерде бұрын ілінген баспа үгіт материалдарының, плакаттардың бұрынғы орындарында сақталуы мүмкін.

8-бап. Республикалық референдумды қамтамасыз ету

1. Референдум әзірлеу мен өткізуге байланысты шығыстар тек қана республикалық бюджет есебінен жұмсалады.

2. Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан ұйымдар референдум комиссияларының қарамағына референдум әзірлеу мен өткізу үшін қажет үй-жайларды, жабдықтар мен көлік құралдарын береді.

3. Халықаралық ұйымдар мен халықаралық қоғамдық бірлестіктердің, шетел мемлекеттік органдарының, занды тұлғалары мен азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың референдумға қатысты шараларды қаржыландыруға және өзгедей қамтамасыз етуге тікелей немесе жанама түрде қандай да болсын қатысуына тыйым салынады.

9-бап. Республикалық референдум туралы зандар

Референдум туралы зандарға мыналар жатады:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 2) Осы Жарлыққа қайшы келмейтін бөлігінде "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы;
- 3) осы Конституциялық заң;
- 4) Орталық референдум комиссиясының нормативтік сипаты бар актілері.

Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді – КР 1999.05.06 № 376 Конституциялық заңымен.

II тарау

Респубикалық референдум тағайындау және әзірлеу

10-бап. Респубикалық референдум тағайындау құқығы

Референдум тағайындау құқығы Қазақстан Республикасының Президентінде болады.

11-бап. Респубикалық референдум тағайындау жөніндегі бастамашылық

1. Референдум тағайындау бастамашылығы:

1) Қазақстан Республикасының Президентінде;

2) Қазақстан Республикасының Парламентінде болады, ол референдум тағайындау туралы бастамашылықпен Қазақстан Республикасының Президентіне тілек білдіреді. Бастамашылық көтеруді Парламент Палаталардың бөлек отырысында мәселені өуелі - Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы жүзеге асырады және Парламент Палаталарының тиісті қаулыларымен ресімдейді;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметінде болады, ол референдум тағайындау туралы бастамашылықпен Қазақстан Республикасының Президентіне тілек білдіреді. Бастамашылық көтеруді Үкімет өзінің мәжілісінде мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырады және тиісті қаулымен ресімдейді;

4) сан жағынан Республиканың барлық облыстарын, астанасы мен респубикалық маңызы бар қалаларын тең мөлшерде білдіретін респубикалық референдумға қатысу құқығы бар екі жұз мыңдан кем емес Республика азаматтарында болады, олар респубикалық референдум тағайындау туралы бастамашылықпен Республика Президентіне тілек білдіреді.

2. Бір ғана мәселе (бір ғана мәселелер) бойынша референдум тағайындау туралы ұсыныстар қайтара енгізілуі мүмкін және оларды Республика Президенті аталған мәселе (аталған мәселелер) жөніндегі алдыңғы шешім қабылданғаннан кейін кемінде екі жыл өткеннен соң ғана қайтадан қарайды.

Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді – КР 2008.05.04 № 30-IV Конституциялық заңымен.

12-бап. Респубикалық референдум тағайындау жөніндегі мәселе бойынша бастамашыл топтың құрылуды

1. Егер референдум өткізу туралы бастамашылықты азаматтар көтерген жағдайда құрамына Қазақстан Республикасының әр облысынан, астанасынан және респубикалық маңызы бар қалалардан кемінде үш-үштен өкіл кіретін референдумның бастамашыл тобы құрылады.

2. Референдумның бастамашыл тобы референдумға қатысу құқығы бар азаматтар, бірақ Қазақстан Республикасының әр облысынан, астанасынан және республикалық маңызы бар қалалардан кемінде отыз-отыздан өкілдер қатысқан жиналыста құрылады.

3. Жиналыс өткізуден кемінде он күн бұрын оның бастамашылары аумағында жиналыс өткізілетін жергілікті атқарушы органға жиналыстың уақыты, орны және мақсаты туралы жазбаша хабарлауға тиіс.

4. Жиналыстың алдында жиналысқа қатысушыларды тіркеу жүргізіледі, олардың міндетті түрде тегі, аты, экесінің аты, тұрғылықты жері және Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын қуәландыратын құжаттың деректемелері көрсетілген тізім жасалады.

5. Референдумның бастамашылар тобының мүшелері жиналысқа қатысушылардың көпшілік даусымен сайланады. Бастамашыл топтың тізімінде топтың әр мүшесінің тегі, аты, экесінің аты және тұрғылықты жері көрсетіледі. Референдумға қойылатын сауалды оған тиянақты жауап қайтарылуы үшін бастамашыл топ айқын тұжырымдауға тиіс.

13-бап. Референдумның бастамашыл тобы мен ол референдумға ұсынған мәселені (мәселелерді) тіркеу

1. Референдумның бастамашыл тобы Орталық сайлау комиссиясына топты және ол референдумға ұсынған мәселені (мәселелерді) тіркеуді сұрап өтініш береді.

2. Тіркеу мынадай құжаттар болғанда жүргізіледі:

1) топты тіркеу және ол референдумға ұсынған мәселені (мәселелерді) тіркеу туралы өтініш;

2) бастамашыл топ құрылған жиналыстың хаттамасы;

3) бастамашыл топ мүшелерінің тізімі.

3. Бастамашыл топты және ол референдумға ұсынған мәселені (мәселелерді) Орталық сайлау комиссиясы тіркеуге өтініш берілген күннен бастап он күн мерзімде тіркейді. Бұл жайындағы хабарды Орталық сайлау комиссиясы бұқаралық ақпарат қуралдарында жариялайды.

4. Референдумның бастамашыл тобына тіркелген күннен бастап бес күн мерзімде топты және ол референдумға ұсынған мәселені (мәселелерді) тіркеу туралы куәлік беріледі. Тіркеу туралы куәліктің нысанын Орталық сайлау комиссиясы бекітеді.

5. Осы Конституциялық заңың талаптары бұзылған жағдайларда тіркеуден бас тартылуы мүмкін. Орталық сайлау комиссиясының бастамашыл топты және ол референдумға ұсынған мәселені (мәселелерді) тіркеуден бас тартуына он күн мерзімде Республика Жоғарғы Сотына шағым жасалуы мүмкін, ол шағымды берілген күннен бастап он күн мерзімде қарайды. Жоғарғы Соттың шешімі түпкілікті болып табылады.

Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді – КР 1999.05.06 № 376 Конституциялық заңымен.

14-бап. Қол жинаудың тәртібі мен мерзімі

1. Референдумның бастамашыл тобы топты және ол референдумға ұсынған мәселені (мәселелерді) тіркеу туралы күәлікті алған күннен бастап азаматтардың қолын жинауды ұйымдастырады әрі мұны респубикалық референдумға қатысу құқығы бар топ мүшелері жүзеге асырады.

2. Референдумның бастамашыл тобына қол қою параптаратын беруді Орталық сайлау комиссиясы топты және ол референдумға ұсынған мәселені (мәселелерді) тіркеу туралы күәлікті тапсыра отырып бір мезгілде жүзеге асырады.

3. Қол қою параптына бастамашыл топ референдумға ұсынған мәселенің (мәселелердің) тұжырымдамасы енгізіледі.

4. Қол жинайтын адам бастамашыл топты және ол референдумға ұсынған мәселені (мәселелерді) тіркеу туралы күәліктің көшірмесін көрсетеді. Әрбір азамат қол қою параптына тек бір рет қана қолын қоюға хақылы. Бұл ретте азамат жеке басын күәландыратын құжатын көрсетеді. Азаматтың қолы оның тегін, атын, әкесінің атын, тұрғылықты жерін, оның жеке басын күәландыратын құжаттың деректемелерін және парапқа қол қойылған күнді көрсетумен толықтырылады.

5. Толтырылған әрбір қол қою параптына қол жинаған адам қолын қоюға тиіс.

6. Белгіленбеген үлгідегі қол қою параптараты, сондай-ақ осы Конституциялық заңның өзге де талаптары бұзылып толтырылған қол қою параптараты жарамсыз болып табылады.

7. Қол жинау аяқталғаннан кейін үш күн мерзімде толтырылған қол қою параптаратын қол жинаған адамдар аумақтық сайлау комиссиясына тапсырады, ол құжаттандыру және паспорттар мен жеке күәліктер беру жөніндегі уәкілетті органның жұмыскерлерін қатыстыра отырып он күн мерзімде қол қою параптаратындағы азаматтардың қолының дұрыстығын тексереді, тиісті хаттама жасайды және оны Орталық сайлау комиссиясына жібереді.

Ескеरту. 14-бапқа өзгерту енгізілді – КР 1999.05.06 № 376; 05.11.2022 № 156-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

15-бап. Қол жинау тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Растанмаған қолдар, қол жинау және қол қою параптаратын ресімдеу тәртібінің бұзылғаны анықталған жағдайда аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Орталық сайлау комиссиясына тиісті ұсыныс енгізеді.

2. Орталық сайлау комиссиясы ұсыныс енгізілген күннен бастап бір ай мерзімде жөнсіздікке жол берген бастамашыл топ мүшелерінің қызметін тоқтату туралы, осы Конституциялық заң талаптарының бұзылғаны анықталған қол қою параптаратын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдай алады.

3. Қызметін тоқтату туралы шешім қабылданған бастамашыл топ мүшелерін осы референдумды әзірлеу және өткізу кезеңінде қайта сайлауға жол берілмейді.

4. Бастамашыл топ қол жинау және қол қою параптаратын ресімдеу тәртібін қайталап бұзған жағдайда Орталық сайлау комиссиясы референдумның бастамашыл тобының

қызметін тоқтату және оны тіркеу туралы қуәлікті қайтарып алу туралы шешім қабылдай алады.

Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді – КР 1999.05.06 № 376 Конституциялық заңымен.

16-бап. Қол жинаудың нәтижелері бойынша қол қою параптараты мен қорытынды хаттаманы жіберу

1. Қол жинауды жүзеге асырған адамдар толтырылған және тиісті аумақтық сайлау комиссиясында тексеруден өткен қол қою параптаратын референдумның бастамашыл тобына жібереді. Бастамашыл топ қол жинаудың нәтижелері туралы жиынтық деректерді түзеді және қол жинау аяқталған күннен бастап он күннен кешіктірмей толтырылған қол қою параптараты мен жиынтық деректерді Орталық сайлау комиссиясына жібереді.

2. Орталық сайлау комиссиясы табыс етілген қол қою параптараты осы Конституциялық заңың талаптарына сәйкес келген ретте қол жинаудың нәтижелерін қорытынды хаттамаға енгізеді. Референдум өткізу туралы ұсыныс қол жинаудың нәтижелері жайындағы қорытынды хаттамамен бірге референдумның бастамашыл тобынан құжаттарды алған күннен бастап бір айдың ішінде Қазақстан Республикасының Президентіне жіберіледі.

3. Қол қою параптараты мен қол жинаудың нәтижелері жөніндегі қорытынды хаттамаларды сақтаудың тәртібі мен мерзімін Орталық сайлау комиссиясы белгілейді.

Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді – КР 1999.05.06 № 376 Конституциялық заңымен.

17-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің республикалық референдум тағайындау туралы бастамашылық жөнінде шешім қабылдау

Республика Президенті Парламент пен Үкіметтің немесе Республика азаматтарының бастамашылығы бойынша референдум тағайындау туралы мынадай:

1) референдум тағайындау туралы;

2) референдум өткізбей-ақ, оның талқысына ұсынылатын мәселе (мәселелер) бойынша Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу, конституциялық заң, заң немесе өзге де шешім қабылдау қажеттігі туралы;

3) референдум тағайындау туралы бастамашылықты қабылдамау туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

1-1. Егер Республика Президенті Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды республикалық референдумға шығару туралы Парламенттің ұсынысын қабылдамай тастаса, Парламент Палаталарының әрқайсысының депутаттары жалпы санының кемінде бестен төртінің, көпшілік даусымен Парламент Конституцияға осы өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы заң қабылдауға құқылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті сол заңға қол қояды немесе оны республикалық референдумға шығарады.

Ескерту. 17-бап 1-1-тармақпен толықтырылды – ҚР 1999.05.06 № 376

Конституциялық заңымен.

18-бап. Республикалық референдум тағайындау туралы шешім

1. Референдум тағайындау туралы шешімді Республика Президенті тиісті Жарлық шығару жолымен қабылдайды, онда:

- 1) референдумды өткізу мезгілі;
- 2) оған қойылатын мәселенің (мәселелердің) тұжырымдамасы белгіленеді;
- 3) референдумды өткізуге байланысты өзге де мәселелер шешіледі.

2. Республика Президенті референдум бастамашыларының келісуімен оны өткізгенге дейін оның бастамашыларының еркін неғұрлым дәл білдіру үшін референдумға қойылатын мәселенің (мәселелердің) тұжырымдамасын нақтылай түсуге хақылы.

3. Референдум тағайындау туралы Республика Президентінің Жарлығы, Конституция, конституциялық заң, заң жобаларының мәтіндері, оларға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

19-бап. Республикалық референдум өткізу мерзімі

Референдум оны өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір айдан ерте емес және үш айдан кеш емес мерзімде өткізіледі. Ерекше жағдайларда Республика Президенті референдум өткізудің басқа мерзімін белгілеуі мүмкін.

20-бап. Республикалық референдум комиссиясы

1. Референдумға дайындық пен оны өткізуді мыналар жүзеге асырады:

- 1) Орталық референдум комиссиясының функциясын орындаушы Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы;
- 2) аумақтық референдум комиссияларының функциясын орындаушы Қазақстан Республикасының аумақтық сайлау комиссиялары;
- 3) учаскелік референдум комиссияларының функциясын орындаушы учаскелік сайлау комиссиялары.

2. Алып тасталды - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 20-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.05.06 № 376; 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

21-бап. Орталық референдум комиссиясының өкілеттіктері

1. Орталық референдум комиссиясы:

- 1) Республикасының бүкіл аумағында референдум туралы заңының орындалуын бақылауды жүзеге асырады; оның біркелкі қолданылуын қамтамасыз етеді; өз құзыреті шегінде Республиканың бүкіл аумағында міндепті шешімдер қабылдайды;
- 2) референдумға дайындық пен оны өткізуді ұйымдастырады;

3) референдумды ұйымдастыру мен өткізуге арналған шығыс сметасының жобасын жасайды және оны Республиканың Үкіметіне табыс етеді;

4) референдум комиссияларына басшылықты жүзеге асырады, олардың шешімдерін жояды және кідірте тұрады; референдумды ұйымдастыру мен өткізуге арналған қаражатты олардың арасында бөледі;

5) референдум комиссияларын материалдық-техникалық қамтамасыз етудің жай-күйін бақылайды;

6) референдум туралы зандардың бұзылуы туралы арыздар мен шағымдарды қарайды;

7) дауыс беруге арналған бюллетенъдердің, сайлаушылар тізімінің, қол қою парақтарының, референдум өткізу үшін қажетті өзге де құжаттардың нысандары мен мәтіндерін; дауыс беру уақытын; референдум құжаттарын сақтау тәртібін белгілейді;

8) референдум комиссияларының, мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды тұлғаларының референдумға дайындық пен оны өткізуге байланысты мәселелер жөніндегі есептерін, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер органдарының сайлау туралы занды сақтау мәселелері бойынша хабарламаларын тыңдауға хақылы;

9) референдумға дайындықтың барысы туралы азаматтарға хабарлап отырады;

10) Республика бойынша тұтас алғанда референдумның қорытындыларын шығарады, бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарына хабар берілуін қамтамасыз етеді;

11) референдумның бастамашыл тобын және оның референдумға ұсынатын мәселесін (мәселелерін) тіркеуді жүзеге асырады және бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ресми хабар орналастырады;

12) референдумның бастамашыл тобын тіркеу туралы куәліктің нысанын бекітеді;

13) референдумның бастамашыл тобын тіркеу туралы куәлік беруді жүзеге асырады, сонымен бір мезгілде қол қою парактарын береді;

14) осы Конституциялық занда көзделген жағдайларда бастамашыл топ мүшелерінің қызметін; бастамашыл топтың қызметін тоқтату туралы және оны тіркеу жөніндегі куәлікті қайтарып алу туралы шешім қабылдайды;

15) осы Конституциялық занда көзделген жағдайларда жекелеген участекерде (әкімшілік-аумақтық бірліктерде) референдум өткізуді жарамсыз деп таниды.

2. Орталық референдум комиссиясының мәжілістері оның мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда құқылы.

3. Орталық референдум комиссиясы өз шешімдерін оның мүшелері жалпы санының көпшілік дауысымен қабылдайды.

Ескерту. 21-бапқа өзгерту енгізілді – КР 1999.05.06 № 376, 2004.11.24 № 604 (01.01.2005 бастап қүшіне енеді) Конституциялық зандарымен.

22-бап. Аумақтық референдум комиссияларының өкілеттіктері

1. Аумақтық референдум комиссиялары:

- 1) алып тасталды - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);
- 2) тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністердің аумағында референдум туралы заңның орындалуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) учаскелік комиссиялардың қызметін ұйымдастырады, референдум өткізуге арналып бөлінген қаражатты олардың арасында бөледі;
- 4) учаскелік референдум комиссияларын материалдық-техникалық қамтамасыз етудің жай-күйін бақылайды;
- 5) референдум туралы заңын бұзылуы туралы арыздар мен шағымдарды қарайды;
- 6) учаскелік референдум комиссияларының, жергілікті мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғаларының референдумға дайындық пен оны өткізуге байланысты мәселелер жөніндегі есептерін, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер органдарының референдумға дайындық пен оны өткізуге байланысты мәселелер бойынша хабарламасын тыңдауға хақылы;
- 7) учаскелік референдум комиссияларынан дауыс берудің нәтижелері туралы хаттамаларды алады, тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің аумағындағы референдумның нәтижелерін шығараады;
- 8) референдумның бастамашыл тобының қол қою парактарының осы Конституциялық заңда белгіленген талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізеді.

2. Аумақтық референдум комиссияларының мәжілістері олардың мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда құқылы.

3. Аумақтық референдум комиссиялары өзінің шешімдерін олардың мүшелері жалпы санының көпшілік дауысымен қабылдайды.

Ескерту. 22-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.05.06 № 376, 2004.11.24 № 604 (01.01.2005 бастап күшіне енеді); 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

23-бап. Учаскелік референдум комиссияларының өкілеттіктері

1. Учаскелік референдум комиссиялары:
- 1) алып тасталды - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);
- 2) азаматтарды республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімімен таныстырады, тізімдегі қателіктер мен жаңсақтықтар туралы арыздарды қарайды, оларға тиісті өзгертулер енгізу туралы мәселелерді шешеді;
- 3) азаматтарды дауыс беретін күн, уақыт, орын және оның тәртібі туралы хабардар етеді;
- 4) үй-жайларды дайындайды және дауыс беруге арналған кабиналар мен урналардың жасалуын қамтамасыз етеді;
- 5) референдум өткізілетін күні учаскеде дауыс беруді ұйымдастырады;

6) участкеде дауыстың саналуын жүргізеді және дауыс берудің нәтижелерін анықтайды;

7) участкеде дауыс беруге дайындық пен оны ұйымдастыру мәселелері жөніндегі арыздар мен шағымдарды қарайды және солар бойынша шешімдер қабылдайды;

8) бюллетеньдерді жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдайды.

2. Участкелік референдум комиссияларының мәжілістері олардың мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда құқылы.

3. Участкелік референдум комиссиялары өздерінің шешімдерін, осы Конституциялық заңға сәйкес шешім қабылдау үшін комиссия мүшелері жалпы санының үштен екінің көпшілік даусы қажет болатыннан басқа реттерде, олардың мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен қабылдайды.

Ескерту. 23-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.05.06 № 376, 2004.11.24 № 604 (01.01.2005 бастап қүшіне енеді); 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

24-бап. Референдум комиссияларының қызмет жағдайларын қамтамасыз ету

1. Референдум комиссияларының өз өкілеттіктері шегінде қабылдаған шешімдері тиісті аумақтағы барлық мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың, сондай-ақ олардың лауазымды тұлғаларының орындауы үшін міндетті.

2. Референдум комиссиясының төрағасы, төрағаның орынбасары, хатшысы немесе мүшелері комиссиясының шешімі бойынша, референдум өткізуге арналып бөлінген қаражат есебінен орташа жалақысын сақтай отырып, референдумға дайындық пен оны өткізу кезеңінде өндірістік немесе қызметтік міндеттерін орындаудан босатыла алады.

3. Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар, сондай-ақ олардың лауазымды тұлғалары референдум комиссияларының өз өкілеттіктерін жүзеге асыруында оларға жәрдемдесіп отыруға, жұмысы үшін қажетті мәліметтер мен материалдарды табыс етуге, өзге де көмек көрсетуге міндетті.

III тарау

Республикалық референдумды өткізу тәртібі

25-бап. Республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімі

Референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімін жасау, оған азаматтарды енгізу, олардың тізімге енбей қалу, тізімге дұрыс енгізілмеу немесе тізімнен шығарылып тастау жәйттеріне, онда жіберілген жансақтықтарға шағымдану, сондай-ақ өздерінің жүрген орнын ауыстырған жағдайда азаматтардың референдумға қатысу құқығын қамтамасыз ету "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында белгіленген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 25-бапқа өзгерту енгізілді – КР 1999.05.06 № 376 Конституциялық заңымен.

26-бап. Респубикалық референдум өткізу кезінде дауыс беру уақыты мен оның орны туралы хабарлау

1. Дауыс беру уақыты мен орны туралы участекелік референдум комиссиясы азаматтарға дауыс беретін күннен кемінде он күн бұрын хабарлайды.

2. Дауыс беретін үй-жайда көрнекті жерде референдумға қойылған мәселенің, Конституция, конституциялық заң, заң жобаларының, оларға енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың мәтіні ілінуге тиіс.

27-бап. Респубикалық референдум өткізу кезінде дауыс беруге арналған бюллетенъ

1. Дауыс беруге арналған бюллетенъде қойылған әрбір мәселенің тұжырымдамасы және дауыс берушінің жауаптарының нұсқалары көлтіріледі.

2. Егер референдумға бірден бірнеше мәселе қойылған болса, олардың әрқайсысы үшін пайдаланылатын дауыс беруге арналған бюллетенъдер түсі жағынан ажыратылуға тиіс.

3. Дауыс беруге арналған бюллетенъдер қазақ тілінде және орыс тілінде, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында жинақы тұратын халықтың көпшілігінің тілінде шығарылады.

4. Дауыс беруге арналған бюллетенъдерді жасау тәртібін Орталық референдум комиссиясы белгілейді.

5. Участекелік референдум комиссиялары дауыс беру өткізілдерден кемінде жеті күн бұрын дауыс беруге арналған бюллетенъдермен қамтамасыз етіледі.

28-бап. Респубикалық референдумның қорытындыларын шығару кезіндегі жарамсыз бюллетенъдер

1. Референдумның қорытындыларын шығару кезінде:

1) белгіленбegen үлгідегі;

2) участекелік референдум комиссиясы мүшесінің қолы қойылмаған;

3) референдумға қойылған мәселеге қайтарылған жауаптар нұсқаларының бірде-біреуі белгіленбegen;

4) белгі қарындашпен қойылған, түзету немесе өзге де бұрмалау іздері бар, оларда сондай-ақ сайлаушылардың ерік білдіруін анықтау мүмкін болмаған бюллетенъдер жарамсыз бюллетенъдер деп танылады.

2. Референдумға қойылған мәселеге жауаптардың барлық нұсқалары белгіленген бюллетенъдер жарамды деп танылады, бірақ дауысты санау кезінде есепке алынбайды.

3. Референдумның нәтижелерін шығару кезінде бюллетенъдердің жарамсыз деп танылуына байланысты келіспеушіліктер туындаған жағдайда мәселені дауыс беру жолымен участекелік референдум комиссиясы шешеді. Бұл ретте шешім комиссия мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысымен қабылданады.

Ескерту. 28-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 2004.11.24 № 604 (01.01.2005 бастап күшіне енеді); 05.05.2022 № 119-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 156-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

29-бап. Республикалық референдум өткізу кезінде дауыс беру

Референдумда дауыс беру мерзімі, орны, ұйымдастыру мен өткізу тәртібі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында белгіленген ережелерге сәйкес айқындалады.

Азамат дауыс берген кезде өзі дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгіні қояды.

Ескерту. 29-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 1999.05.06 № 376; 05.05.2022 № 119-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

30-бап. Дауысты санау және республикалық референдум нәтижелерін анықтау

1. Участекілік референдум комиссиясы дауысты санау кезінде:

1) участекдегі республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың жалпы санын;

2) бюллетень алған азаматтардың санын;

3) дауыс беруге қатысқан азаматтардың жалпы санын;

4) әрбір мәселенің оң шешімін жақтап берілген дауыс санын және әрбір мәселенің теріс шешімін жақтап берілген дауыс санын;

5) жарамсыз деп танылған бюллетендер санын;

6) жарамды деп танылған, бірақ дауысты санаған кезде есепке алынбайтын бюллетендер санын белгілейді.

2. Участекде дауыс санауға және әкімшілік-аумақтық бөліністе дауыс беру нәтижелерін анықтауға байланысты өзге мәселелер осы Конституциялық заңға қайшы келмейтін бөлігінде "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен белгіленген ережелерге сәйкес шешіледі.

Ескерту. 30-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 1999.05.06 № 376 Конституциялық заңымен.

31-бап. Республикалық референдумның қорытындыларын шығару

1. Орталық референдум комиссиясы дауыс берудің нәтижелері туралы табыс етілген хаттамалардың негізінде:

1) Қазақстан Республикасының референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың жалпы санын;

2) дауыс беруге қатысқан азаматтардың санын;

3) референдумға қойылған мәселенің оң шешімін жақтап дауыс берген, референдумға қойылған мәселенің теріс шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың

санын және дауыс беруге қойылған жекелеген әрбір мәселе бойынша жарамсыз деп танылған бюллетендердің санын анықтайды.

2. Егер референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың жартысынан көбі дауыс беруге қатысқан болса, референдум өткізілген деп саналады.

3. Егер дауыс берудің нәтижесінде референдумға қойылған мәселе бойынша оның оң шешімін жақтап дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан көбі дауыс берсе, ол жөнінде шешім қабылданды деп саналады.

Республикалық референдумға шығарылған Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар, егер олар үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы жақтап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

4. Дауыс берудің қорытындылары Орталық референдум комиссиясының мәжілісінде шығарылып, хаттамамен ресімделеді, оған Орталық референдум комиссиясының Төрағасы, Төрағаның орынбасары, хатшысы мен мүшелері қолдарын қояды және қаулымен бекітеді.

5. Егер референдум барысында немесе дауыстарды санау не дауыс беру нәтижелерін анықтау кезінде осы Конституциялық заңды немесе "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын бұзу орын алған болса, Орталық референдум комиссиясы референдум нәтижелерін шығару кезінде оның жекелеген участеклерде (әкімшілік-аумақтық бөліністерде) өткізуін жарамсыз деп тани алады.

Ескерту. 31-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 1999.05.06 № 376, 2008.05.04 № 30-IV Конституциялық заңдарымен.

32-бап. Республикалық референдум өткізудің дұрыстығы туралы мәселені Республиканың Конституциялық Сотының қарауы

Ескерту. 32-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 05.11.2022 № 156-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

1. Республика Президентінің, Парламент Палаталары төрағаларының, Парламент депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің өтініші бойынша Конституциялық Сот даулы жағдайда республикалық референдум өткізудің дұрыстығы туралы мәселені шешеді. Мұндай ретте республикалық референдум нәтижелерін шығару өтініштің қаралу кезеңіне кідіртіледі.

2. Орталық референдум комиссиясы республикалық референдум өткізудің дұрыстығы туралы дау туындаған жағдайда референдумға дайындық пен оны өткізуге байланысты материалдарды Конституциялық Сотқа береді.

3. Конституциялық Сот Конституция бұзылған жағдайда референдумды Республика Конституциясына сәйкес емес деп тануға хақылы. Мұндай жағдайда Орталық референдум комиссиясы референдум Конституцияға сәйкес емес деп танылған участеклердегі (әкімшілік-аумақтық бөліністердегі) референдум нәтижелерін жарамсыз

деп тану, сол участекерде (әкімшілік-аумақтық бөліністерде) бір айдың ішінде қайта дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдайды.

4. Конституцияға сәйкес емес деп танылған респубикалық референдумның нәтижелері Орталық референдум комиссиясының шешімімен тиісті дауыс беру участекерінде (әкімшілік-аумақтық бөліністерде) жарамсыз деп танылады. Өткізілген референдумды Конституцияға сәйкес деп тану референдумның қорытындыларын шығаруды жүргізе беруге әкеп соғады.

Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 05.11.2022 № 156-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

33-бап. Республикалық референдумның қорытындыларын жариялау

Референдумның қорытындылары туралы Орталық референдум комиссиясының ресми хабары дауыс беру өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімнен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

IV тарау

Корытынды ережелер

34-бап. Республикалық референдум қабылдаған шешімдердің күшіне енуі

Референдумда қабылданған Конституция, конституциялық зандар, зандар, олардағы өзгертулер мен толықтырулар, референдумға қойылған өзге де шешімдер, егер Конституцияның өзінде, конституциялық занда, занда, олардағы өзгертулер мен толықтыруларда, референдумда қабылданған өзге де шешімде басқа мерзім белгіленбесе, референдумның қорытындылары туралы ресми хабар жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

35-бап. Республикалық референдум қабылдаған шешімдердің заң күші және міндеттілігі

1. Референдум қабылдаған шешімнің Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар және Республика Президентінің немесе мемлекеттік әкімет органдарының актілерімен қандай да бір қуаттауды қажет етпейді.

2. Референдум қабылдаған шешім мен Республика Конституациясының, конституциялық зандарының, зандарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің арасындағы сәйкесіздіктер Конституцияны, конституциялық зандарды, зандар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді референдум қабылдаған шешімге сәйкес келтіру арқылы жойылады.

36-бап. Республикалық референдум туралы занды бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Республика азаматының референдумға қатысу жөніндегі құқығын еркін жүзеге асыруына, оған қойылған мәселе (мәселелер) бойынша үгіт жүргізуіне қандайда болсын нысанда кедергі келтіру, сайлау құжаттарын қолдан жасау, дауыстарды қасақана дұрыс санамау, дауыс беру құпиясын бұзу немесе респубикалық референдум туралы занды өзге де бұзу занда белгіленген тәртіппен жауаптылыққа әкеліп соғады.

2. Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың референдум ұйымдастыру және өткізу мәселелері жөніндегі іс-әрекетіне сотқа шағым жасалу мүмкін.

37-бап. Осы Конституциялық заңды күшіне енгізу тәртібі

Осы Конституциялық заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Ескерту. 37-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 1999.05.06 № 376 Конституциялық заңымен.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК